

2011 жылға ақылы - қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 42 қаулысы. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 ақпанда № 3-8-124 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 05-163 хаты.

Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2012.02.03 № 05-163 Хаты.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағын, 20 бабын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жұмыссыздарға әдейі арналған қоғамдық жұмыстың көлемі мен түрлері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Алматбаева Г.А) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары И.Г.Цыбаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Елеусізов

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2011 жылғы "14" ақпан
№ 42 қаулысына қосымша

Жұмыссыздарға әдейі арналған, қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері (жобалары) және көлемі

Регистр саңы	Мекемелер атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері /жобалары/	Шарт бойынша жұмыстардың көлемі, 1 адамға	Жоспар бойынша		Қаржыландыру көздері
				Жұмыс орын саны,	Қаралған қаржат,	

			/болжам/ /теңге/	адам	мың теңг е	i
1	2	3	4	5	6	7
1	Ауылдық округтер: Аққұдық Байнассай Құрмансай Мәртөк Тәңірберген Селолық округтер: Байторысай Қарашай Қаратоғай Қызылжар Жайсан Родников Хазірет Хлебодар	"Құрылыс бригадасы", " Жолдар", " Көркейту", " Туған өлке", " Санақ", " Мейірбан медбике", " Эколог", " С у ғ а батушыны құтқарушы", " Сарбаздар", " Іс шаралар өткізуге септесу", " А у ы л шаруашылығы жұмыстары", " "Жады", " Жас мамандар"	15999	184	8289	ЖБ
2	"Мәртөк аудандық прокуратурасы" ММ	"Көркейту", " "Құрылыс бригадасы"	15999	4	192	ЖБ
3	"Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ	"Санақ", " "Кеңесші"	15999	6	288	ЖБ
4	"Мәртөк ауданы қорғаныс істер бөлімі" ММ	"Санақ"	15999	9	432	ЖБ
5	"Мәртөк аудандық білім бөлімі" ММ және аудан мектептері	"Санақ", " "Көркейту", " "Құрылыс бригадасы"	15999	4	192	ЖБ
6	"Мәртөк аудандық	"Санақ ", " "Көркейту", "	15999	2		ЖБ

	орталық емханасы" МКҚК	Құрылыс бригадасы"			96	
7	"Мәртөк аудандық соты"	"Санақ ", " Көркейту"	15999	8	384	ЖБ
8	"Аудандық ішкі істер бөлімі"	"Сарбаздар"	15999	3	144	ЖБ
9	"Мәртөк орман шаруашылығы" ММ	"Тәлімбақ", " Көркейту", "	15999	35	1680	ЖБ
10	"Мәртөк аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі " ММ " Мәртөк аудандық мәдениет үйі" МКҚК	"Іс шаралар өткізуге септесу", ", " Көркейту", " Құрылыс бригадасы"	15999	10	480	ЖБ
11	"Аудан әкімінің аппараты" ММ	"Санақ", " Көркейту", " Құрылыс бригадасы"	15999	8	384	ЖБ
12	"Мәртөк ауданының әділет басқармасы" ММ	"Санақ", " Кеңесші"	15999	8	384	ЖБ
13	РМҚК Ақтөбе облыстық филиалы Мәртөк аудандық ветеринариялық зертханасы.	"Ауыл шаруашылығы жұмыстары"	15999	4	192	ЖБ
14	"Ақтөбе облысының сот актілерін орындау комитетінің" Мәртөк аумақтық бөлімі	"Санақ"	15999	4	192	ЖБ
15	"Мәртөк аудандық жер	"Санақ"	15999	2	96	ЖБ

	катынастары бөлімі" ММ					
16	Мәртөк ауданының мемлекеттік мұрағаты	"Санақ", "Жады"	15999	4	192	ЖБ
17	Ақтөбе облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы РМҚК Мәртөк аудандық филиалы	"Санақ"	15999	2	96	ЖБ
18	Мәртөк жемшөп мемлекеттік сорт сынау бөлімшесі	"Санақ"	15999	3	144	ЖБ
		Барлығы		300	13857,0	

Ақылы - қоғамдық жұмыстарды орындау түрлері (жобалары)

1. "Құрылыс бригадасы":

Су, газ, кәріз құбырларын және басқа коммуникация жүйелерін төсеу және жөндеу, мектеп, балабақша, аурухана және басқа да бюджеттік сала объектілерін жөндеу. Құрылыс аяқталмаған, жартылай қираған ғимараттарды қалпына келтіру.

2. "Жолдар":

Жаңа жолдарды төсеу және қолданыстағы жолдарды және жол жиектерін, тротуарларды шөптен тазартуға, жөндеуге, жолға төселген материалдарды бекітуге, ұзақ жолға жүретін қоғамдық көліктің тұрағын көркейтуге көмек көрсету.

3. "Көркейту":

Аулаларды, гүлзарларды, парктерді, елді мекендерді көркейту. Екпе ағаштарды отырғызу және күту, гүлзарларды отырғызу, парктерді бөлу. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыру.

4. "Туған өлке":

Отынды дайындау, құдықтарды, бұлақтарды тазарта отырып, отырғызылған ағаштарды тазарту. Көпшіліктің шомылуына пайдаланатын өзендер мен су қоймаларының жағалауларын қоршау.

5. "Ауыл шаруашылығы жұмыстары":

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге, дайындауға және жинауға маусымдық көмек көрсету (көкөніс және бақша өнімдері). Қосалқы шаруашылығы бар мекемелерде

мал бордақылау, жас малды өсіру, малды өріске жаю мен күзету. Малдарды идентификациялау.

6. "Тәлімбақ":

Ағаштардың, гүлдердің көшеттерін аумақтарды жасыл желектендіру және абаттандыру кезінде одан әрі пайдалану мақсатында өсіру.

7. "Санақ":

Республикалық, аймақтық науқандарды (түрлі санақтар, әскерге шақыру, зейнетақы және жәрдемақыларды қайта есептеуге көмектесу, халыққа қызмет көрсету орталығында көмек беру) ұйымдастыруға қатысу және салықтарды жинауға көмектесу.

8. "Іс шаралар өткізуге септесу":

Мәдени мақсаттағы ауқымды іс- шараларды (спорттық жарыстар, халықтық мерекелер) ұйымдастыру кезінде көмек көрсету.

9. "Жады":

Тарихи – сәулеттік ескерткіштерді, қорықтық аймақтарды қалпына келтіру, оларды күзету және күту. Молаларды, бауырластар зираттарын абаттандыру, тазалау және күзету.

10. "Кітапқа – екінші өмір":

Қалалар мен аудандардағы мектептердің кітапханаларындағы, көпшілікке арналған кітапханалардағы кітап қорларын қалпына келтіру. Кітаптардың жекелеген беттері мен мұқабаларын алмастыра отырып жаңғырту.

11. "Мейірбан медбике":

Денсаулық сақтау мекемелері мен үйде ауру және қарт адамдарды күту.

12. "Тігінші":

Ауруханаларда, мектептер мен мектеп – интернаттарда, балалар үйлерінде, еңбекпен түзеу мекемелерінде, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінде төсек – жаймалармен киім – кешектерді қайта тігу.

13. "Эколог":

Тұрмыстық, қатты қалдықтарды көмуді ұйымдастыруға көмектесу және көму.

14. "Кеңесші":

Аз қамтылған азаматтарға әртүрлі құқықтық мәселелер жөнінде ақысыз кеңес беру.

15. "Сарбаздар":

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Кент және елді мекендерде құқық тәртібін күзетуде көмек көрсету.

16. "Суға батушыны құтқарушы":

Суға түсуге арналған арнайы орындарда балалардың және басқа адамдардың суға түсуін қадағалау, суға батушыны құтқару.

17. "Жас мамандар":

Жас мамандарды оқу бөлімдерін бітіріп келгеннен кейін мамандықтары бойынша жұмысқа тарту, қабілетін күшейту, мамандығына іс жүзінде көмектесу.

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары

Жұмыс аптасы 5 күн, екі демалыс күндерін құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы еңбек табелінде көрсетілген нақты жұмыс уақытына байланысты жұмыссыздың жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, еңбек қауіпсіздігіне байланысты нұсқаулық жүргізіледі, арнаулы киіммен, құрал-жабдықпен қамтамасыз етіледі, зейнетақы және әлеуметтік есептемелер, уақытша еңбек етуге жарамсыздығына әлеуметтік жәрдемақы төлемі жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК